



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасындағы Заем туралы келісімді (Құқықтық реформаның жобасы) бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 20 шілде N 448-І

Астанада 1999 жылғы 20 мамырда жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің арасындағы Заем туралы келісім (Құқықтық реформаның жобасы) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заемның нөмірі 4467 KZ

Қазақстан Республикасы
мен
Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму
банкінің
арасындағы
Заем туралы келісім
(Құқықтық реформаның жобасы)
1999 жылғы 20 мамыр

Дүниежүзілік Қайта 1818 H Street N.W. (202) 477-1234
жаңарту және Даму банкі Washington, D.C. 20433 Телеграфтық мекен-жайы:
Халықаралық даму U.C.A. INTBAFRAD
ассоциациясы Телеграфтық мекен-жайы:
INDEVAS
1999 жылғы 20 мамыр

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
Астана

N 4467 KZ заемға

(Құқықтық реформаның жобасы)
қатысты

Қазақстан Республикасының өкілеттік берілген өкілі ретінде Сізге (Заемшыға) жоғарыда көрсетілген заем бойынша мынадай құжаттарды береміз:

1. Заемшы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің (Банк) арасында жасалған Заем туралы келісімнің қол қойылған бір данасын.

2. Жалпы жағдайлардың 9.02 тарауына қатысты N 1 қосымша хаттың - Қаржылық және экономикалық жағдай жөніндегі деректердің бір расталған данасын.

3. Мониторингтік көрсеткіштер жөніндегі N 2 қосымша хаттың бір расталған данасын.

4. Заем туралы келісімдер мен 1995 жылғы 30 мамырдағы, 1997 жылғы 2 желтоқсанда өзгертілген Дүниежүзілік Банктің моновалюталық заемдарына арналған кепілдікті келісімдерге қолданылатын Жалпы шарттардың бір данасын.

5. 1995 жылы қаңтарда жасалған және 1996 жылы қаңтарда және тамызда, 1997 жылы қыркүйекте және 1999 жылы қаңтарда қайта қаралған IBRD заемдары мен IDA несиелерінің шеңберіндегі Сатып алулар жөніндегі басшылықтың, 1997 жылдың қаңтарында әзірленген және 1997 жылғы қыркүйекте және 1999 жылғы қаңтарда қайта қаралған Дүниежүзілік Банк Заемшыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауы жөніндегі

басшылықтың бір-бір дана көшірмесін.

Заем туралы келісімнің 5.02-тарауының ережелеріне сәйкес 1999 жылдың 18 тамызы Заем туралы келісімнің күшіне енуі үшін ақырғы күн болып табылады.

Заемшының атынан осы хаттың қоса беріліп отырған көшірмесіне қол

қою арқылы жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғандығыңызды растауыңызды сұраймын.

Құрметпен,
Аға Кеңесші

Заемның нөмірі 4467 KZ
Заем туралы келісім

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (Заемшы) мен ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА
ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІНІҢ (Банктің) арасындағы 1999 жылғы 20
мамырдағы КЕЛІСІМ

ОҒАН СӘЙКЕС: (А) осы Келісімге 2-қосымшада сипатталған Жобаның
орындылығы мен басымдылығына көз жеткізген Заемшы осы Жобаны
қаржыландыруға жәрдем көрсету туралы өтініп Банкке өтінім жасады;

ОҒАН СӘЙКЕС Банк жоғарыда айтылғандардың және басқа да ақпараттардың
негізінде осы Келісімде жазылған шарттарда Заемшыға Заем беруге келісті;

ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ аталған Келісімге қатысушылар осымен мына
төмендегілер туралы келісті:

I бап

Жалпы шарттар; айқындама

1.01-тарау. Банктің 1995 жылғы 30 мамырдағы (1997 жылғы 2 желтоқсандағы
өзгерістермен бірге) "Бір валютада берілетін заемдар мен кепілдіктер туралы келісімге
қолданылатын жалпы шарттары" (Жалпы шарттар) осы Келісімнің ажырамас бөлігін
құрайды.

1.02-тарау. Егер мәтін өзгеше талап етпесе, Жалпы шарттар мен осы Келісімге
Кіріспеде айқындалған бірқатар терминдердің осы құжаттарда жазылғандарға сәйкес
келетін мәні бар, ал мына төмендегі қосымша терминдердің мынадай мәні бар:

(а) "СОИ" Заемшы елі Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1246 қаулысына
сәйкес Әділет министрлігінің немесе оның мұрагерінің жанынан құрылған "Қазақстан

Республикасының судьялары мен әділет қызметкерлерін оқыту және олардың біліктілігін көтеру жөніндегі орталық" деп аталатын Судьяларды оқыту институтын білдіреді.

(b) "Сот жүйесін нығайту жөніндегі байқау кеңесі" Әділет министрлігінің 1998 жылғы 10 тамыздағы N 562 бұйрығымен және Жоғарғы соттың 1998 жылғы 10 тамыздағы N 233 бұйрығымен немесе оның құқықтық мұрагерлері құрған Сот жүйесін нығайту компонентін дайындау және іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесті білдіреді.

(c) "БМ" Заемшы елінің Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді;

(d) "ҚМ" Заемшы елінің Қаржы министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді;

(e) "ӘМ" Заемшы елінің Әділет министрлігін немесе оның құқықтық мұрагерін білдіреді;

(f) "Ұлттық бәрін қамтитын жоспар" республикалық деңгейде соттық әкімшіліктендіру мен соттық іс-қағаздарын жүргізу әдістерін, сондай-ақ ауық-ауық толықтырылуы мүмкін осы Келісімге 5-қосымшаның 3-параграфына сәйкес сот шешімдерінің сапасы мен атқарылуын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру үшін Заемшы әзірлеуі және қабылдауы тиіс болатын іс-қимыл жоспарын білдіреді;

(g) "РҚАО" Заемшы елі Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1228 Жарлығына сәйкес Әділет министрлігінің немесе оның құқықтық мұрагерінің жанынан құрылған Республикалық Құқықтық Ақпарат Орталығын білдіреді.

(h) "ЖІТ" Әділет министрлігінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 7а бұйрығына сәйкес Әділет министрлігінің немесе оның құқықтық мұрагерінің жанынан құрылған жобаны іске асыру жөніндегі топты білдіреді;

(i) "Жоба басшылығының есебі" осы Келісімнің 4.02-тарауына сәйкес дайындалған есепті білдіреді;

(j) "Жобаны дайындауға арналған аванс" 1997 жылғы 1 сәуірде Банктің атынан және 1997 жылғы 22 наурызда Заемшының атынан қол қойылған Келісім-хатқа сәйкес Банк Заемшыға бөлген авансты білдіреді;

(k) "Арнаулы шот" осы Келісімнің 2.02 (b) тарауында айтылатын шотты білдіреді;

(l) "Жоғарғы сот Заемшы елінің Жоғарғы сотын білдіреді.

II бап

2.01-тарау. Банк Заем туралы келісімде жазылған немесе сілтеме жасалған шарттарда, он алты миллион бес жүз мың (\$16,500,000) АҚШ долларына баламды мөлшерде Заемшыға заем бөлуге келіседі.

2.02-тарау. (а) Заемның сомасы тауарларға, жұмыстарға, қызмет көрсетулерге ақы төлеудің есебіне жүргізілген (немесе, егер оған Банк келіссе жүргізілетін) шығыстар және Заемның қаражаты есебінен қаржыландырылуы тиіс оқыту мен Жоба бойынша қажетті ағымдағы операциялық шығыстарға арналған шығыстар үшін осы Келісімге 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес Заемның Шотына алынуы мүмкін.

(b) Заемшы Жобаны жүзеге асыру мақсаттары үшін коммерциялық банкте соттық есептеулерден, тәркілеуден немесе тоқтату салудан тиісті қорғауды қоса алғанда, Банк үшін қолайлы шарттарда доллармен арнаулы депозиттік шот аша және жүргізе алады. Әрбір тиісті Арнаулы шотқа қаражаттарды сақтауға және одан төлем жасау осы Келісімге 6-қосымшаның ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

(c) Банк заем күшіне енген күннен кейін бірден Заемшының атынан алынған және осы күнге жабылмаған жобаны дайындауға арналған Аванстық негізгі сомасын жабу үшін қажетті соманы Заемның шотынан алуы және өзінің шотына аударуы және барлық оған төленбеген алымдарды төлеуі тиіс. Жобаны дайындауға арналған Аванстық рұқсат етілген сомасының алынбаған қалдығы жойылуы тиіс.

2.03-тарау. Заемды жабу датасы 2003 жылдың 1 қазаны немесе Банк белгілей алатын кез келген неғұрлым кейінірек дата болып табылады. Банк осындай неғұрлым кейінірек дата туралы Заемшыға кешіктірмей хабарлайды.

2.04-тарау. Заемшы Банкке Заем сомасының бір процентіне (1%) тең сома төлейді. Заем күшіне енген күні немесе Заем күшіне енгеннен кейін бірден Банк Заемшының атынан көрсетілген төлемнің сомасын Заемның шотынан алуы және өз шотына аударуы қажет.

2.05-тарау. Заемшы уақыттың сол немесе өзге сәтіне Заемның негізгі сомасының алынбаған бөлігінен бір проценттің төрттен үші (1 проценттен 3/4) есебімен Банкке Заемның пайдаланылмаған бөлігі бойынша комиссиялық төлем төлейді.

2.06-тарау. (а) Заемшы Заемның мерзімді алынатын және проценттерді есептеудің әрбір кезеңіне арналған ставка бойынша өтелмеген негізгі сомасына ЛИБОР базалық ставкасына тең проценттер, оған қосымша ЛИБОР жалпы маржасын төлейді.

(b) Осы тараудың мақсаты үшін:

(i) "Проценттерді есептеу кезеңі" аталған Келісімнің күнінен бастап және бірақ одан кейінгі проценттер төлеудің бірінші күні есептелмейтін бастапқы кезеңді, ал бастапқы

кезеңнен кейін проценттер төлеу күнін қоса алғандағы содан бастап бірақ проценттер төлеудің одан кейінгі күндері есептелмейтін уақыттың әрбір кезеңін білдіреді.

(ii) "Проценттер төлеу күні" аталған Келісімнің 2.07-тарауында көрсетілген кез келген күнді білдіреді.

(iii) "ЛИБОР-дың базалық ставкасы" долларымен осындай проценттер есептеу кезеңінің бірінші күніне арналған Банк жылдық процент ретінде дұрыс айқындаған көлемде (немесе проценттерді есептеудің бірінші кезеңі жағдайында - бірінші күні проценттер төлеу немесе осындай проценттер есептеу кезеңінің бірінші күнінің алдындағы көлемде) проценттер есептеудің әрбір кезеңіне арналған алты айлық депозиттер үшін ұсынылатын Лондондық банкаралық ставканы білдіреді."

(iv) "ЛИБОР-дың жалпы маржасы" Проценттерді есептеудің әр кезеңіне арналған: (А) проценттің жартысын (1%-тен 1/2); (В) Банк дұрыс белгілейтін және жылдық процент ретінде көрсетілетін Банк өзі ұсынатын моновалюталық заемдары немесе Заемды қамтитын оның бөліктерін қаржыландыру үшін бөлетін төлеуге жататын банктік қарыз алуларға немесе олардың бөліктеріне қатысты алты айлық депозиттерге ұсынылатын Лондондық банкаралық ставкалардан немесе қандай да болмасын өзге бақылау ставкаларынан төмен (немесе жоғары) проценттері есептеудің осындай Кезеңіне арналған алынған (немесе қосылған) орташа өлшенген маржаны білдіреді.

(с) Банк оларды факті бойынша айқындауды кешіктірместен Проценттерді есептеудің әр кезеңіне арналған ЛИБОР-дың базалық ставкасы мен ЛИБОР-дың жалпы маржасы туралы Заемшыға хабарлайды.

(d) Банк нарықтық тәжірибедегі 2.06-тарауда көрсетілген проценттік ставкаларды айқындауға әсер ететін өзгерістер жағдайында, тұтастай алғанда заемшылардың мүддесінде және Банктің мүддесінде жоғарыда айтылған тарауда сипатталғаннан өзгеше, Заем бойынша проценттік ставкаларды айқындау үшін негіз қолдану қажет деп шешеді, Банк жоғарыда айтылған тарауда көрсетілгенге қарағанда Заемға қолданылатын проценттік ставкаларды айқындау үшін негіздемені өзгерте алады. Банк кемінде алты (6) ай бұрын ол туралы Заемшыға хабарлай отырып, Заемға қолданылатын проценттік ставкаларды айқындауға арналған негіздемені өзгерте алады. Өзгеріс, егер Заемшы Банкке көрсетілген кезеңнің ішінде мұндай өзгеріске қарсы өзінің қарсылығы туралы хабарламаса хабарлау кезеңі аяқталғаннан кейін күшіне енеді. Мұндай жағдайда Заемға көрсетілген өзгерістер қолданылмайды.

2.07-тарау. Проценттер мен өзге төлемдер әр жарты жыл сайын заемдық кезеңнің аяғында әр жылдың 15 сәуірі мен 15 қазанында төлеуге жатады.

2.08-тарау. Заемшы осы Келісімге 3-қосымшада келтірілген амортизация кестесіне сәйкес Заем бойынша борыштың негізгі сомасын өтейді.

Жобаны атқару

3.01-тарау. (а) Заемшы Жобаның осы Келісімге 2-қосымшада жазылған міндеттерін өзінің қолдайтындығын мәлімдейді және ол Жобаны лайықты байыптылықпен әрі тиімділікпен және қолданылып жүрген әкімшіліктік, қаржылық және техникалық ережелерге сәйкес жүзеге асырады;

қажеттілігіне орай қаржылық және материалдық қаражатты, қызмет көрсетулерді және Жоба үшін қажет басқа да ресурстарды дереу ұсынады.

(b) Заемшы мен Банк өзгелер туралы келіскен жағдайларды қоспағанда, Заемшы аталған Тараудың (а) тармағының ережелерін шектеместен осы Келісімнің 5-қосымшасында сипатталған Іске асыру бағдарламасына сәйкес Жобаны жүзеге асырады.

(b) 3.02-тарау.

Банк өзгешеге келіскен жағдайларды қоспағанда, Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті және Заем қаражатының есебінен қаржыландырылатын тауарларды, жұмыстарды, консультанттардың қызмет көрсетулерін сатып алу осы Келісімге 4-қосымшаның ережелерімен реттеледі.

3.03-тарау. Заемшы Жоба аяқталғанға дейін оның құрамына штаттық бірліктердің бара-бар санын енгізіп және оған Жобаның жұмысы үшін қажетті және Банк үшін қолданымды болып табылатын осындай функциялар мен өкілеттіктерді, қаражат пен жабдықтарды беріп ЖІТ қолдайтын болады.

3.04-тарау. Заемшы жалпы жағдайлардың 9.07-тарауының мақсаты үшін және оларды шектеместен:

(а) Банк үшін қолданымды ережелердің негізінде заем жабылған Күннен немесе осы мақсат үшін Заемшы мен Банк келісімге келетін күннен кейінгі алты (6) айдан кешіктірмей Жобаның болашақ жұмысының жоспарын дайындайды және Банкке ұсынады; және

(b) Банкке көрсетілген жоспар жөнінде Заемшымен пікір алмасуға орынды мүмкіндік береді.

Қаржы жағдайлары

4.01-тарау. (а) Заемшы есеп құжаттары мен бухгалтерлік есептерді қоса алғанда қаржылық бақылау жүйесінің жұмысын, сондай-ақ Банк үшін қолданымды, жұмыстың операциялық және қаржылық шарттарын бара-бар тұрғыда көрсететін және Жобаны жүзеге асыруға байланысты операциялардың, ресурстардың және шығындардың жеке есебін қамтамасыз ететін нысан бойынша қаржылық есептерді дайындауды белгілейді және қамтамасыз етеді;

(b) Заемшы мыналардың:

(i) Банк үшін қолданымды, кейіннен Банк үшін қолданымды тәуелсіз аудиторлар қолданатын аудиттің стандарттарына сәйкес әр қаржы жылы бойынша аталған Тараудың (а) тармағында айтылған есеп құжаттарының, есептердің және қаржылық есептердің және Арнаулы есепке қатысты есептердің аудитін.

(ii) Банкке түсуіне орай, бірақ кез келген жағдайда да әр жыл аяқталғаннан кейінгі алты айдан кешіктірмей: (А) ол бойынша аудит жүргізілген жыл үшін аталған Тараудың (а) тармағына сілтеме мен (В) Банк негізді сұрау салатын бөлшектендірудің сондай көлемінде және сондай дәрежесінде көрсетілген аудиторлар жасаған, осындай қаржылық есептер бойынша қорытынды жасалатын қаржылық есептердің бекітілген көшірмелерін ұсынуды; және

(iii) Банкте көрсетілген есеп құжаттары мен бухгалтерлік есептерге және олардың аудитына қатысты, сондай-ақ көрсетілген аудиторларға қатысты Банк мерзімді негізді сұрау салатын осындай ақпараттарды ұсынуды орындауды қамтамасыз етуі тиіс.

(с) Заемшы оған байланысты шығыстар ведомостарының негізінде Заемның Шотынан қаражат алу жүзеге асырылған барлық шығыстар бойынша:

(i) аталған Тараудың (а) тармағына сәйкес осындай шығыстарды көрсететін барлық есеп құжаттары мен бухгалтерлік есептерді жүргізеді немесе жүргізуді қамтамасыз етеді;

(ii) Банк Заемның Шотынан ақырғы қаражат алу жүзеге асырылған қаржы жылы үшін аудит туралы есеп беруді алғаннан кейін кемінде бір жыл бойы осындай шығыстар туралы куәландыратын барлық есеп құжаттарын (келісімшарттарды, тапсырыстарды, есеп-факторларды, қосымша парақтарды, қолхаттарды және басқа да құжаттарды сақтайды және сақталуын қамтамасыз етеді);

(iii) Банктің өкілдеріне осындай есеп құжаттарын тексеруге жәрдем көрсетеді; және

(iv) осындай есеп құжаттарын бухгалтерлік есептерден аталған Тараудың (b)

тармағында айтылған жыл сайынғы аудиторлық тексеруге енгізуді, сондай-ақ көрсетілген аудиторлардың осындай қаржы жылының ішінде ұсынылған шығыстар туралы ведомостар бойынша, сондай-ақ жұмыс тәртібі мен тиісті қаражат алуларды негіздеу үшін оларды дайындау кезінде пайдаланылған ішкі бақылаудың сенімділігі бойынша осындай аудит бойынша жеке қорытындысын есепке енгізуді қамтамасыз етеді.

4.02-тарау. (а) Заемшы осы Келісімнің 4.01-тарауының ережелерін шектеместен, мерзімдері бойынша белгіленген және Банк үшін қолданымды 4.01-тараудың (а) тармағында айтылған, Заемшыда 2000 жылдың 1 сәуірінен немесе Банкпен келісілген күннен кешіктірмей Банк үшін қолданымды Жобаны басқару туралы есепті дайындау мүмкіндігін жасауға бағытталған қаржылық басқару жүйесін нығайту жөніндегі іс-қимылдардың жоспарын іске асырады, әрі олардың әрқайсында:

(i) (А) өсетін қорытындымен айқындалатын және аталған есепті кезеңге арналған Жоба бойынша қаражаттардың іс жүзіндегі көздері мен оларды пайдаланудың бағыттары, Жоба қаражатының болжанып отырған көздері мен оны аталған есепті кезең аяқталғаннан кейінгі алдағы 6 айда пайдаланудың бағыттары айқындалады, сондай-ақ (В) аталған есепті кезең үшін Заемның қаражатынан қоса қаржыландырылған шығыстар мен аталған есепті кезең аяқталғаннан кейінгі алдағы тұрған 6 ай үшін Заемның қаражатынан қаржыландыру ұсынылған шығыстар жеке көрсетіледі;

(ii) (А) өсіп келе жатқан қорытындымен және аталған есепті кезең үшін жобаны іске асырудың нақты барысына сипаттама беріледі, сондай-ақ (В) нақты нәтижелер мен бұрын болжанған мақсаттардың арасындағы алшақтық түсіндіріледі, сондай-ақ;

(iii) жобаның шеңберіндегі сатып алулар процесі мен есепті кезеңнің аяғындағы жағдай бойынша Заемның қаражатынан қаржыландырылатын келісімшарттар бойынша шығыстардың жай-күйі жазылады.

(b) Осы тараудың (а) тармағында айтылған іс-қимыл Жоспарын іске асыру аяқталғаннан кейін Банк үшін қолданымды басшылық жасау принциптеріне сәйкес Заемшы аталған кезең үшін және күнтізбелік жылдың әрбір тоқсаны аяқталғаннан кейін 45 күндік мерзімнен кешіктірмей Жобаны басқару туралы есеп дайындайтын және Банкке ұсынатын болады.

Күшіне ену күні; Қолданылуын тоқтату

5.01-тарау. Заем туралы келісімнің Жалпы шарттардың 12.01 (с) тарауы мазмұнының шеңберінде күшіне енуінің, атап айтқанда осы Келісімнің 4.01 (b) (i) тарауында айтылған аудиторлар тағайындаған қосымша шарттар ретінде мынадай жағдай нақты айтылады.

5.02-тарау. Осымен Жалпы шарттардың 12.04-тарауының мақсаттары үшін осы Келісімге қол қойылған күннен бастап тоқсан (90) күні мерзім белгіленеді.

VI бап

Заемшының өкілдері; Мекен-жайлар

6.01-тарау. Жалпы шарттардың 11.03-тарауының мақсаты үшін Заемшының Қаржы министрі немесе Қаржы министрінің орынбасары Заемшының өкілі ретінде тағайындалады.

6.02-тарау. Жалпы шарттардың 1.01-тарауының мақсаты үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заемшының мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы

473000 Астана

Республика даңғылы, 60

Қаржы министрлігі

Телекс: 264126 (FILIN)

Банктің мекен-жайы:

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі

Эйч-стрит 1818, N.W.

Вашингтон, О.К. 20433

Америка Құрама Штаттары

Телеграфтық мекен-жайы:

Телекс:

ХҚДБ 248423 (МСІ) немесе
Вашингтон, О.К 64145 (МСІ)

Осыны куәландырып өздерінің уәкілеттік берілген өкілдері арқылы іс-қимыл жасайтын осы Келісімге қатысушылар тиісінше өздерінің атынан Қазақстан Республикасында, Астана қаласында мәтіннің ең басында көрсетілген күні және жылы осы келісімге қол қоюды қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы
Уәкілеттік берілген өкіл
Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкі
Еуропа және Орталық Азия бойынша
аймақтық вице-президенттің міндетін атқарушы

I-қосымша

Заемның қаражатын алу

1. Төменде келтірілген кестеде Заемның қаражатынан қаржыландыруға, әр

Санат үшін Заемның қаражатын бөлуге жататын баптардың Санаттары мен әр санаттың шеңберінде осындай қаржыландыруға жататын баптар бойынша шығыстардың проценті ұсынылып отыр:

Санат	Заемның сомасын бөлу (долларлық баламда)	Қаржыландырылатын шығыстардың %-і
(1) Тауарлар	Шетелдік валютада 100% шығыстар	

(a) Жобаның В.1, В.2 (a) және С.1 бөліктері үшін	4.400.000	Жергілікті валютада 100% шығыстар (Франко-зауыттың құны)
(b) В.2(b) бөлігі үшін	1.700.000	Жергілікті сатып алуды жүзеге асыру кезінде басқа ережелер үшін жергілікті валютада 80% шығыстар
(2) Консультациялық қызмет көрсетулер	6.100.000	100%
(3) Оқыту	2.035.000	100%
(4) Жұмыстар	700.000	80%
(5) Ағымдағы операциялық шығыстар	900.000	100%
(6) Жобаны даярлауға арналған авансты жабу	500.000	Аталған Келісімнің 2.02 (с) тарауына сәйкес
(7) Комиссиялық	165.000	төлеуге жататын сомалар Аталған Келісімнің 2.04-тарауына сәйкес төлеуге жататын сомалар
Жиыны	16.500.000	

2. Аталған Қосымшаның мақсаты үшін:

(a) "шетелдік валютадағы шығыстар" термині Заемшының елін қоспағанда кез келген басқа елдің Заемшының елін қоспағанда кез келген елдің аумағынан әкелінетін тауарлар мен қызмет көрсетулерге арналған валютадағы шығыстарын білдіреді;

(b) "жергілікті валютадағы шығыстар термині" Заемшының аумағынан берілетін тауарлар мен қызмет көрсетулерге арналған Заемшының валютадағы шығыстарын білдіреді;

(c) "Оқыту" термині оқыту қызмет көрсетулерін көрсеткен оқу орындарына немесе басқа да институттар мен ұйымдарға есептелген гонорарларды және осыған байланысты көліктік шығыстарды, тұруға, тәуліктікке байланысты шығыстарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді, судьяларды және сот қызметкерлерін оқытуға байланысты басқа да шығыстарды білдіреді; және

(d) "қосымша ағымдағы шығыстар" термині Жобаны іске асыруға, басқаруға, оның

атқарылуын байқауға және тексеруге байланысты Әділетмині шеккен қосымша ағымдағы шығыстарды, оның ішінде ұйымдастыру техникалары мен жұмсалатын материалдардың, көлік құралдарын пайдаланудың, іссапарлардың құнын, Жобаны атқаруды тексеруге, байланысқа, банктік қызмет көрсетулерге арналған шығындарды, сондай-ақ осы Келісімнің 4.01-тарауының шарттары бойынша жүргізілуі қажет аудиттерге, Заемшы мемлекеттік қызметтегі ресми адамдардың жалақысын қоспағанда ЖІТ консультанттарының еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстарды және коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметіне, кеңсе тауарларына және кеңсе жабдықтарын баптауға ақы төлеуді қоса алғанда, Судьяларды Оқыту жөніндегі институттың қызметін жүзеге асыру кезінде пайда болатын ағымдағы операциялық шығыстарды білдіреді.

3. Жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне қарамастан ешқандай қаражатты алу:

(a) осы Келісімнің күніне дейін; және

(b) Заемшы соттық рақымшылық жасау мен соттық іс жүргізу шараларын, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен іріктеп алынған үш облыстық соттарының сот шешімдерінің атқарылуын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлегенге және енгізгенге және осы Келісімге 5-қосымшаның 3-тармағына сәйкес Ұлттық бәрін қамтитын Жоспар дайындағанға дейін (1 (b) Санаты бойынша жүргізілген шығыстарды жабуы үшін жүзеге асырылмауы тиіс.

4. Банк Заемшыға құлақтандыруды Банк нақты көрсететін барлық сол шарттарда (i) 200 000 долларға баламдыдан аспайтын келісімшарттар бойынша тауарларға, (ii) 100 000-ға баламдыдан аспайтын келісімшарттар бойынша жұмыстарға, (iii) 100 000 долларға баламдыдан аспайтын келісімшарттар бойынша консультациялық фирмалар ұсынған қызмет көрсетулерге, (iv) дербес консультанттардың 50 000 доллардан аспайтын қызмет көрсетулеріне, (v) 500 000 долларға баламдыдан аспайтын келісімшарттар бойынша оқытуға және (vi) 50 000 долларға баламдыдан аспайтын келісімшарттар бойынша қосымша ағымдағы шығыстарға арналған шығыстарды жабу үшін шығыстар ведомосының негізінде қаражатты Заемның Шотынан алуды талап ете алады.

2-Қосымша

Жобаның сипаты

Осы Жобаның басты мақсаты Заемшыға құқықтық және реттеуші жүйе мен нарықтық экономиканың жұмыс істеуі үшін шешуші болып табылатын бағыттар бойынша институттарды дамытуға көмек көрсету болып табылады. Атап айтқанда, Жоба: (а) Заемшының заң жобаларын жасау жөніндегі мүмкіндіктері мен заң шығару процесінің өзін күшейтуге, заң актілерінің сапасы мен атқарылуын арттыруға; (b) неғұрлым ашық, пәрменді, тиімді және қол жетімді сот жүйесін дамытуды қолдауға; (с) мемлекеттік қызметшілер, судьялар, парламентарилер, заңгерлер мен кәсіпкерлер және тұтастай алғанда халық үшін неғұрлым сенімді, бәрін қамтитын және қазіргі заманғы құқықтық ақпаратқа қол жетімділікті жақсартуға және жұртшылықтың құқықтарын қамтамасыз етуін күшейтуге және жұртшылықты құқықтық процестерге жұмылдыруға бағытталған.

Жоба белгіленген міндеттерге қол жеткізу мақсатында Заемшы мен Банктің арасындағы уағдаластық бойынша ауық-ауық өзгеріске ұшырауы мүмкін болатын мынадай бөліктерден тұрады:

А бөлігі: Заң жобаларын әзірлеу және институттық мүмкіндіктерді нығайту

1. Консультанттардың қызмет көрсетулерін қаржыландырудың есебінен нарықтық экономика мен экономикалық реформаларды қолдау үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерге түзетулер дайындау және енгізу.

2. Әділет министрінің консультанттардың қызмет көрсетулері мен оқытуды қаржыландырудың есебінен заң жобаларын әзірлеу, ұйымдастыру және басқару мәселелеріндегі институттық мүмкіндіктерін күшейту.

3. Түрлі министрліктер мен ведомстволардың экономикалық заң актілері саласында заң шығармашылығымен айналысатын мемлекеттік қызметшілердің оларды оқытуды қаржыландырудың есебінен заң жобаларын жазу жөніндегі қабілетін дамытуды қолдау.

В Бөлігі: Сот жүйесін нығайту

Консультанттардың қызмет көрсетулеріне, оқытуға, тауарлар мен жұмыстарды сатып алуға ақы төлеуге және ағымдағы операциялық шығыстарды төлеуге байланысты шығыстарды қаржыландырудың есебінен судьяларды оқыту Институтының институттық мүмкіндіктерін күшейту, оқу бағдарламалары мен педагогикалық әдістемелерді әзірлеу, судьялар мен сот қызметкерлері үшін оқу семинарларын өткізу және оқыту саласындағы қызметтердің басқа да түрлерін дамытуды күшейту арқылы құқықтық білім мен оқыту саласын қолдау.

2. (а) Консультанттардың қызмет көрсетулерін, тауарларды және оқытуды қаржыландырудың есебінен соттарды басқару мен сот істерін жүргізудің әдістерін және Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен іріктелініп алынған үш облыстық соттарының сот шешімдерінің сапасы мен атқарылуын жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру.

(b) Консультациялық қызмет көрсетулерді, тауарларды және оқытуды қаржыландырудың есебінен республикалық деңгейде соттық әкімшіліктендіру мен іс қағаздарын жүргізу әдістерін және Қазақстан Республикасы соттарының сот шешімдерінің сапасы мен атқарылуын жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру.

С. Бөлігі: Құқықтық Ақпарат және жұртшылықты ақпараттандыру

1. Тауарларды, консультациялық қызмет көрсетулерді, оқытуды және жұмыстарды қаржыландырудың есебінен құқықтық ақпараттың қазіргі заманғы, сенімді, бәрін қамтитын және қол жетімді жүйесін дамыту.

2. Консультанттардың қызмет көрсетуін қаржыландырудың есебінен құқықтық ақпараттың ұлттық жіктемесін әзірлеу.

3. Консультациялық қызмет көрсетулердің көмегімен жұмыс семинарлары мен БАҚ компанияларын қаржыландырудың есебінен қоғамды заңдық құқықтар мәселелері мен басқа да құқықтық мәселелер бойынша ақпараттандыруды күшейту.

Д. Бөлігі: Жобаны басқару мен іске асыруды қолдау

Консультанттардың қызмет көрсетулерін, оның ішінде аудит, оқыту жөніндегі қызмет көрсетулерді және қосымша ағымдағы шығындарды қаржыландырудың есебінен Әділетминіне Жобаны іске асыруға көмектесу.

Жоба 2003 жылдың 1 сәуіріне дейін аяқталады деп ұйғарылуда

3-Қосымша

Өтеу кестесі

Тиесілі төлем күні

Заем бойынша борыштың негізгі

сомасы бойынша төлем (доллармен)

<*>

2004 жылдың 15 қазаны	355000
2005 жылдың 15 сәуірі	365000
2005 жылдың 15 қазаны	375000
2006 жылдың 15 сәуірі	385000
2006 жылдың 15 қазаны	395000
2007 жылдың 15 сәуірі	405000
2007 жылдың 15 қазаны	420000
2008 жылдың 15 сәуірі	430000
2008 жылдың 15 қазаны	445000
2009 жылдың 15 сәуірі	455000
2009 жылдың 15 қазаны	470000
2010 жылдың 15 сәуірі	485000
2010 жылдың 15 қазаны	495000
2011 жылдың 15 сәуірі	510000
2011 жылдың 15 қазаны	525000
2012 жылдың 15 сәуірі	540000
2012 жылдың 15 қазаны	555000
2013 жылдың 15 сәуірі	575000
2013 жылдың 15 қазаны	590000
2014 жылдың 15 сәуірі	605000
2014 жылдың 15 қазаны	625000
2015 жылдың 15 сәуірі	640000
2015 жылдың 15 қазаны	660000
2016 жылдың 15 сәуірі	680000
2016 жылдың 15 қазаны	700000
2017 жылдың 15 сәуірі	720000
2017 жылдың 15 қазаны	740000
2018 жылдың 15 сәуірі	760000
2018 жылдың 15 қазаны	785000
2019 жылдың 15 сәуірі	810000

<*>

- Осы бағандағы сандар Жалпы шарттардың 4.04 (d) тарауында айтылғандарды қоспағанда, доллармен өтеуге жататын соманы көрсетеді

4-Қосымша

Сатып алулар мен консультанттардың қызмет көрсетулері

1-тарау. Тауарлар мен жұмыстарды сатып алу

А Бөлігі: Жалпы ережелер

Тауарлар мен жұмыстар Банк 1995 жылғы қаңтарда жариялаған және 1996 жылғы қаңтар мен тамызда және 1997 жылғы қыркүйекте пысықталған "ХҚДБ"-ның заемы мен МАР-дың несиелері бойынша сатып алулар" туралы Басшылықтың (Басшылық) 1-тарауының ережелері мен аталған Қосымшаның 1-тарауының мына ережелеріне сәйкес сатып алынады.

В Бөлігі: Халықаралық конкурстық сауда-саттықтар

1. Осы Тараудың С бөлігінде жазылғандарды қоспағанда, тауарлар мен жұмыстар Басшылықтың II Тарауы мен II Тарауға 1-қосымшаның 5-тармағына сәйкес берілетін келісімшарттардың шеңберінде сатып алынады.

С Бөлігі: Сатып алулардың басқа да рәсімдері

1. Халықаралық сатып алулар

Бағалау құны 50 000 долларға баламдыдан аспайтын жиынтық сомаға дейінгі келісім-шарт үшін кемінде 20 000 долларға баламдыны құрайтын тауарлар Басшылықтың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес халықаралық бөлшек саудадағы сатып алулардың рәсімі бойынша берілетін келісімшарттардың шеңберінде сатып алынады.

2. Ұлттық сатып алулар

Бағалау құны 500 000 долларға баламдыдан аспайтын жиынтық сомаға дейінгі келісім-шарт үшін кемінде 50 000 долларға баламдыны құрайтын тауарлар Басшылықтың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес ұлттық бөлшек саудадағы сатып алулардың рәсімі бойынша берілетін келісімшарттардың шеңберінде сатып алынады.

3. Шағын жұмыстарды сатып алу

Бағалануы бойынша құны келісімшарт үшін баламды 100000 АҚШ долларынан төмен соманы құрайтын және жиынтығында 800000 долларға баламдыдан аспайтын жұмыстар жазбаша шақыруға жауап ретінде үш (3) білікті отандық мердігерлерден алынған ұсыныстың негізінде берілетін көрсетілген баға мен біржолы төленетін келісімшарттар бойынша сатып алынады. Жазбаша шақыру: жұмыстың егжей-тегжейлі сипатын, оның ішінде базалық ерекшелігін, жұмысты аяқтаудың талап етілетін күнін,

Банк үшін қолданымды келісімнің базалық нысанын және қажет болған жағдайда тиісті сызбаларды қамтуы тиіс. Келісімшарт талап етілетін жұмыстардың ең төменгі бағасын ұсынатын және келісімшартты табысты орындау үшін талап етілетін тәжірибесі мен ресурстары бар мердігермен жасалады.

D. Бөлік. Банктің сатып алулар туралы шешімдерді қарауы

1. Сатып алуларды жоспарлау

Алдын ала біліктілік іріктеуге немесе конкурстық сауда-саттықтарға қатысуға қандай да болмасын шақырулар жолданғанға дейін Жобаның мақсатында ұсынылатын сатып алулардың жоспары Басшылыққа 1-қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес оны қарау және бекіту үшін Банкке ұсынылады. Барлық тауарлар мен жұмыстарды сатып алу Банк бекіткен сатып алу жоспарына сәйкес, сондай-ақ 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Алдын ала қарау

(a) Осы Тараудың B бөлігі бойынша жасалған әрбір келісімшартқа қатысты Басшылыққа 1-қосымшаның 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тәртіп қолданылады.

(b) Осы Тараудың C.1 бөлігі мен C.2 бөлігі бойынша жасалған алғашқы екі келісімшарттарға қатысты мынадай рәсімдер қолданылады:

(i) беруші таңдалғанға дейін еркін саудадағы сатып алудың рәсімдері бойынша келісімшартқа қол қойылады, Заемшы Банкке салыстырулар мен бағалары бар ұсыныстардан алынған баға туралы есеп ұсынады;

(ii) еркін саудадағы сатып алулар рәсімінің негізіне жасалатын келісімшартқа қол қойылғанға дейін Заемшы Банкке келісімшарттың ерекшелігі мен жобасының көшірмесін ұсынуы тиіс;

(iii) "Басшылық" деген 1-қосымшаның 2(f) 2(g) және 3-тармақтарында белгіленген рәсімдер.

3. Одан кейінгі қарау

Аталған Бөліктің 2-тармағының күші қолданылатын әрбір келісімшартқа қатысты Басшылыққа 1-қосымшаның 4-тармағында айтылған тәртіп қолданылады.

II Тарау. Консультанттарды жалдау

A. Бөлігі: Жалпы ережелер

Консультанттардың қызмет көрсетуі Кіріспе мен 1997 жылғы қаңтарда жарияланған және 1997 жылғы қыркүйекте пысықталған "Дүниежүзілік Банк заемшыларының консультанттарды пайдалануы" деген Басшылықтың (Консультанттарға басшылық) IV Тарауының ережелерімен және аталған қосымшаның II тарауының мына ережелеріне сәйкес сатып алынады.

B Бөлігі: Сапасы мен құнын бағалаудың негізінде іріктеу Аталған Тараудың C бөлігінде айтылған жағдайларды қоспағанда консультанттардың қызмет көрсетулері сапасы мен құнын бағалаудың негізінде консультанттарды іріктеуге қолданылатын Консультанттар жөніндегі Басшылықтың II Тарауының, оған 1-қосымшаның

3-тармағының, оған 2-қосымшаның және Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.13-3.18-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілетін келісімшарттардың шеңберінде сатып алынады.

С. Бөлігі: Консультанттарды іріктеудің басқа да рәсімдері

1. Сапасының негізінде іріктеу

Оқытуға арналған қызмет көрсетулер Консультанттарды жалдау жөніндегі басшылықтың 3.1-3.4-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілетін келісімшарттар бойынша сатып алынады.

2. Көрсетілген бюджеттің шарттарымен іріктеу

Оқытуға арналған қызмет көрсетулер Консультанттарды жалдау жөніндегі басшылықтың 3.1-3.5-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілетін келісімшарттар бойынша сатып алынуы мүмкін.

3. Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу Бағалау құны келісімшарт үшін 50 000 доллардан төмен сомаға баламдыны құрайтын жергілікті семинарлар мен оқытуды жүргізуге арналған қызмет көрсетулер Консультанттарды жалдау жөніндегі басшылықтың 3.1-3.7-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілетін келісімшарттар бойынша сатып алынуы мүмкін.

4. Дербес Консультанттар

Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.1-тармағында көрсетілген міндеттер, қанағаттандырылатын талаптар бойынша қызмет көрсетулер Консультанттар жөніндегі басшылықтың 5.1-5.3-тармақтарының ережелеріне сәйкес дербес консультанттарға берілетін келісімшарттардың шеңберінде сатып алынады.

Д Бөлігі: Банктің Консультанттарды іріктеу процесін қарауы

1. Іріктеуді жоспарлау

Консультанттарға қандай да болмасын сұрау салулар немесе ұсыныстар жолданғанға дейін Жоба бойынша консультанттарды іріктеудің ұсынылатын жоспары Консультанттар жөніндегі басшылыққа 1-қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес оны қарау және бекіту үшін Банкке немесе Ассоциацияға ұсынылады. Консультанттардың барлық қызмет көрсетулерін іріктеу Банк бекіткен және көрсетілген 1-тармақтың ережелеріне сәйкес осындай іріктеу жоспарына орай жүргізіледі.

2. Алдын ала қарау

(а) бағалау құны 100 000 долларға немесе одан асқанға баламды әрбір келісімшартқа қатысты Консультанттар басшылығына 1-қосымшаның 1,2 (2 (а) тармағының үшінші тармақшасынан ерекше) және 5-тармақтарында белгіленген тәртіп қолданылады.

(b) Бағалау құны 50 000 және одан астам долларға баламды дербес консультанттарды жалдау кезіндегі әрбір келісімшартқа қатысты Банкке алдын ала қарау және бекіту үшін консультанттардың біліктілігі, жұмыс тәжірибесінің

сипаттамасы, техникалық тапсырмалар және оларды жалдаудың шарттары ұсынылады. Келісімшарт осындай бекіту берілгеннен кейін ғана беріледі.

3. Одан кейінгі қарау

Аталған Бөліктің 2-тармағының күші қолданылмайтын әрбір келісімшартқа қатысты Консультанттарға басшылықтың 1-қосымшасының 4-тармағында сипатталған тәртіп қолданылады.

5-Қосымша

Іске асыру бағдарламасы

1. Заемшы:

(а) өзіне ұдайы мониторинг пен Заемшы мен Банктің арасында келісілген Жобаны орындаудың көрсеткіштері мен оның міндеттеріне қол жеткізу жөніндегі бағалауды жүргізуге мүмкіндік беретін саясат пен тәртіпті ұстанады;

(b) Банкті қанағаттандыратын техникалық міндет бойынша Жобаның әрбір күнтізбелік жылы аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күннен кешіктірмей көрсетілген есеп күніндегі Жобаны іске асырудың прогресі, қол жеткізілген нәтижесі бойынша және Жобаны іске асырудың тиімділігі мен одан кейінгі кезеңде оның міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз етудің ұсынылатын шаралары бойынша мониторинг пен аталған Тараудың (а) тармағына сәйкес жүзеге асырылатын қызметті бағалаудың нәтижелері бойынша жылдық есеп дайындайды және Банкке ұсынады; және

(с) жоғарыда (b) тармақшада айтылған кезең аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күннің ішінде немесе Банк қандайды сұраса осындай неғұрлым кейінірек күнге дейін Банк пен аталған тармақтың (b) тармақшасында айтылған есепті қарайды және осыдан кейін көрсетілген есептің қорытындылары мен ұсынымдарының және Банктің осы мәселе бойынша пікірінің негізінде Жобаны тиімді аяқтауды және оның міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті барлық шараларды қабылдайды.

2. Заемшы ЖІТ ұсынатын күн сайынғы техникалық көмек жағдайында ӘМ арқылы Жобаның А бөлігін орындайды.

3. Заемшы ӘМ, Жоғарғы сот және СОИ арқылы Жобаның В.1 бөлігін және ӘМ-ның Сот жүйесін нығайту жөніндегі байқау комитеті мен Жоғарғы сот арқылы, сондай-ақ ЖІТ ұсынатын күн сайынғы техникалық көмек жағдайында Жобаның В.2 бөлігін

орындайды. Заемшы Жобаның В.2 (b) бөлігін іске асырғанға дейін жобаның Банк үшін қолданымды В.2 (b) бөлігін іске асыру жөнінде дейін бәрін қамтитын Іс-қимыл жоспарын дайындайды және:

(a) Жобаның В.2 (b) іске асыруды сипаттап жазады және реформалар мен жобаның В.2 (a) бөлігі бойынша орындалатын қызметтердің түрлерін (сот рахымшылығының әдістері мен соттық іс қағаздарын жүргізу, сот шешімдерінің сапасы мен атқарылуын жақсарту жөніндегі шаралар) аралық бағалауды жалғастырады;

(b) Жоғарғы сот пен Жобаның В.2 (a) бөлігіне енгізілген үш облыстың соттары істердің кемінде 50 процентін соттық іс қағаздарын жүргізудің жаңа әдістеріне сәйкес қарайтындығын көрсетеді;

(c) Жобаның В.2 (b) бөлігін орындау үшін қажетті құқықтық және нормативтік іс-қимылдар мен техникалық қажеттіліктерді сипаттап жазады.

4. Заемшы Жобаның С.1 бөлігін ӘМ мен РҚАО арқылы және Жобаның С.2 және С.3 бөліктерін ЖІТ ұсынатын күн сайынғы техникалық көмек жағдайында ӘМ арқылы орындайды.

6-Қосымша

Арнаулы есеп

1. Аталған Қосымшаның мақсаты үшін:

(a) "құқықтық күші бар санаттар" термині осы Келісімге 1-қосымшаның 1-тармағындағы кестеде көрсетілген (1), (2), (3), (4) және (5) Санаттарды білдіреді;

(b) "құқықтық күші бар шығындар" термині Жоба үшін қажетті және осы Келісімге 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес құқықтық күші бар Санаттарға мерзімді бөлінетін Заемның қаражатынан қаржыландыруға жататын орынды құны бойынша тауарларға, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге арналған шығыстарды білдіреді; және

(c) "Рұқсат етілген қаржы" термині Қосымшаның 3 (a) тармағына сәйкес, алайда, егер Банк өзгешеге келіспеу шартымен Заемның Шотынан алуға және Арнаулы шотқа есептеуге жататын 1 000 000 долларға баламды соманы білдіреді, Рұқсат етілген қаржы Заемның Шотынан алынған қаражат пен оған қоса Жалпы жағдайлардың 5.02 тарауына сәйкес Банк өзіне қабылдаған барлық орындалмаған арнаулы міндеттемелердің жалпы сомасының жиынтық сомасы 2 000 000 долларға баламдыға жеткен немесе одан асқан

сәтке дейін 350 000 долларға баламды сомамен шектеледі.

2. Арнаулы шоттан төлеу тек аталған Қосымшаның ережелеріне сәйкес құқықтық күші бар шығындарды жабу үшін жүзеге асырылады.

3. Банк өзі үшін қолданымды Арнаулы шоттың лайықты түрде ашылғандығына растау алғаннан кейін Арнаулы шотты толықтыру үшін Рұқсат етілген қаржыны алу мен одан кейінгі қаражат алулар мынадай тұрғыда жүргізіледі:

(a) Заемшы Рұқсат етілген қаржыны алу үшін Банкке сұрау салу немесе тиісті Арнаулы шотқа Рұқсат етілген қаржының жиынтық сомасынан аспайтын сомаларды немесе соманы есептеу туралы сұрау салу жолдайды. Осындай сұрау салудың немесе сұрау салулардың негізінде Банк Заемшының атынан Заемшы сұраған осындай соманы немесе сомаларды Заемның Шотынан алады және тиісті Арнаулы шотта сақтап қояды.

(b) (i) Тиісті Арнаулы шотты толтыру үшін Заемшы Банк қалай көрсетсе сондай аралықта депозиттерді тиісті Арнаулы шотқа есептеу үшін Банкке сұрау салу жолдайды.

(ii) Заемшы осындай сұрау салулардың әрқайсысын бергенге дейін немесе сол сәтте Банкке құжаттар мен осы Қосымшаның 4-тармағына сәйкес оған байланысты шотты толтыруға сұрау салынатын жасалатын төлемді немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті басқа да куәліктерді ұсынады. Банк осындай сұрау салулардың әрқайсысының негізінде Заемшының атынан Заемшы сұратқан және құқықтық күші бар шығындарды жабу үшін Арнаулы шоттан төлеу жоғарыда көрсетілген құжаттар мен басқа да куәліктерде расталған осындай соманы Заемның Шотынан алады және тиісті арнаулы шотқа есептейді. Барлық осындай депозиттерді Банк тиісті құқықтық күші бар Санаттар мен жоғарыда көрсетілген құжаттар мен басқа да куәліктерге негізделген тиісті баламды сомалардың шеңберінде Заемның Шотынан алады.

4. Заемшы Арнаулы шоттан жүргізетін әрбір төлемге қатысты Заемшы Банк негізді сұрау салған мерзімдерде Банкке осындай құжаттар мен осындай төлемнің тікелей құқықтық күші бар шығыстарды жабу үшін жасалғандығын растайтын басқа да куәліктерді ұсынуы тиіс.

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне қарамастан Банктен қандай да болмасын Арнаулы Шотқа одан әрі қаражаттар есептеуді жүзеге асыру талап етілмейді:

(a) егер қандай да бір сәтте Банк барлық бұдан кейінгі алуларды Заемшы осы Келісімнің Жалпы шарттарының V Бабы мен 2.02 Тарауының (a) тармағының ережелеріне сәйкес тікелей Заемның Шотынан жүргізуі тиіс деп белгілесе;

(b) егер Заемшы осы Келісімнің 4.01 (b) (ii) тарауында көрсетілген мерзімде Арнаулы шот бойынша есептеу құжаттары мен бухгалтерлік есептердің аудитіне байланысты көрсетілген Тарауға сәйкес Банкке ұсыну қажет болған қандай да болмасын аудиторлық есептерді ұсына алмаса;

(c) егер Банк қандай да бір уақытта өзінің Жалпы шарттардың 6.02 ережелеріне

сәйкес Заемшының Заемның Шотынан қаражат алуды жүзеге асыруға құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұру ниеті туралы Заемшыны құлақтандырса; немесе

(d) Заемның Арнаулы шоттағы құқықтық күші бар Санаттарға бөлінген алынбаған жалпы сомасы мен одан алып тастағандағы Жалпы шарттардың 5.02 тарауына сәйкес Банк өзіне алған барлық орындалмаған арнайы міндеттемелердің жалпы сомасы Арнаулы шот үшін Рұқсат етілген қаржының екі еселенген сомасын құрайтын баламмен бірдей болысымен. Бұдан кейін Заемның құқықтық күші бар Санаттарға бөлінген қалған алынбаған сомасын Заемның Шотынан алу Банк Заемшыға құлақтандыруда хабарлайтын рәсімдермен жүзеге асырылады. Қаражатты мұндай одан кейінгі алу, егер Банктің құлақтандыру берілген күнгі тиісті Арнаулы шотта қалған барлық соманың құқықтық күші бар шығындар бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін қолданылатындығына көзі жеткен жағдайда ғана және содан кейін ғана жүзеге асырылады.

6. (a) Егер қандай да болмасын сәтте Банк Арнаулы шоттан қандай да болмасын төлем: (i) осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес құқықтық күші жоқ шығыстарды жабу үшін немесе мөлшерде жасалғандығын; немесе (ii) Банкке ұсынылған куәлікпен негіздемегендігін анықтаса, Банктің құлақтандыруын алған Заемшы дереу: (A) Банк сұрау салуы мүмкін болатын осындай қосымша куәлік ұсынуы немесе (B) тиісті Арнаулы шотқа (немесе, егер Банк осындай сұрату жасаса Банкке өтеуге) осындай төлемнің мөлшеріне тең соманы немесе

оның құқықтық күші жоқ немесе негізсіз деп табылған бөлігін есептеуге. Егер Банк өзгешеге келіспесе, Банк Заемшы осындай ақтау құжаттамасын ұсынғанға немесе нақты жағдайға қарай осындай есептеуді немесе қаражатты қайтаруды жүзеге асырғанға дейін қаражатты қандай да болмасын Арнаулы шотқа салып қоюды одан әрі жүргізбейді.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Нарбаев Е.Ә.

